

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Фридрих Ницше (1844–1900)

4-тарау. Қазіргі философия





Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 17. Фридрих Ницше (1844–1900)

Мораль генеалогиясы (1887)

Фридрих Ницше 1844 жылы 15 қазанда Лейпциг қаласының жанындағы Реккенде пастор отбасында дүниеге келген. Бонндағы және Лейпцигтегі оқудан кейін, доктор дәрежесі болмаса да, оны Базель университетіне классикалық филология кафедрасына шақырады. Ол Шопенгауэрді құмарта оқып, шығармашылықпен әуестеніп, әуен жазды. 1840 жылы Ницше өз еркімен француз-герман соғысына санитар болып қатысады. Базельге оралып, жергілікті интеллектуалдық қауыммен – тарихшы Якоб Буркхардпен, этнограф И.Я. Бахофенмен, Люцерн қаласының жанында тұратын Рихард Вагнермен жақын араласады. Ол Вагнердің жары – композитордың соңғы шығармаларындағы Дионисийдің Арианнасы болған Листқызы Козимамен танысады.

Ницшенің алғашқы шығармасы «Трагедияның тууы» 1872 жылы жарық көріп, Германиядағы университеттік ортада қызу пікірталас туындатады. 1873 жылдан 1876 жылға дейін ол «Беймезгіл ойлардың» төрт эссесін, одан кейін 1878 жылы – «Адами, тым адамиды» жариялайды. Сол жылы Вагнер екеуінің қарым-қатынасы үзіледі. Денсаулығына байланысты Ницше өзін ұстаздық міндетінен босатуды өтінеді. Осыдан бастап оның Ниццадағы, Ментондағы, Сильс-Мариедегі және Италияның көп қалаларындағы кезбе өмірі басталады. Лу Саломеге үйленбек ойы 1882 жылы сәтсіздікке ұшырайды.

Осы кезде кітаптары бірінен соң бірі шыға бастайды:

«Таң сәрі» (1881),

«Көңілді ғылым» (1882),

«Заратуштра осылай деген» (1883–1885),

«Ізгілік пен зұлымдықтың арғы жағында» (1886),

«Мораль генеалогиясы» (1887),

«Вагнер оқиғасы» (1888),

«Пірлер ымырты» (1889),

«Антихрист» (1888 жазылып, 1906 жарияланған),

«Ессе Ното. «Адам қалай өзінен-өзі бола алады» (1888 жазылып, 1908 жарияланған).

1889 жылдың басында Ницше Туриннің бір көшесінде есінен тана құлайды. Германияға жеткізіліп, анасы мен әпкесінің қолына тапсырылған ол қайтадан есін жия алмайды.

1900 жылы 25 тамызда өмірден озады. Үш тұжырымнан тұратын мәтін алғы сөзбен басталады, онда Ницше мораль өзінің шаруасы екенін баса айтады. Ол 13 жасынан бастап өз алдына осы мәселені қалай қойғаны туралы түсіндіреді. Балалық тырнақалды туындысында ол өзіне зұлымдықтың қайдан пайда болатыны туралы сұрақ қойған. Осы алғашқы философиялық шығарма тәжірибесінде Ницше Құдайды зұлымдықтың әкесі деп елестетеді. Кейін де оның мораль мәселесіне қызығушылығы басылған емес. Ол «Адамдар ізгі», «зұлым» деген мағынасы бар пайымдарды қандай жағдайларда ойлап тапты?» дегенге ауысты, содан соң «Олардың өз мағынасы қандай еді?», одан кейін «Адамның дамуын олар қандай дәрежеде ілгерілетті немесе тежеді?» деген сұрақтарға жалғасты. Пауль Ренің 1877 жылы жарық көрген «Адами сезімдердің шығу тегі» атты кітабын оқыған Ницше осы мәселеге қатысты өз ойын білдіру қажеттілігін сезеді. Оның позициясы Ренің позициясына қайшы еді. «Адами, тым адами», «Кезбе» және «Таң сәрі» осы еңбекпен – мораль туралы ой-толғаулармен үндес болатын. Сол кезге дейін Ницше үшін моральдың құндылығы басты мәселе болған.

Өзінің осы жұмыспен беріліп айналысқаны үшін ол Шопенгауэрге қарыздар. «Оның ұзақ уақыт көтермелеген безүшілік, өзінен безу, аяушылық, «эгоист емес» ұғымдарына аса сенбесем де, онымен замандасым сияқты сырластым», – деп жазады Ницше Шопенгауэр туралы. Ницше осы құндылықтардың өзінің құндылығы туралы мәселе көтеру керек деп есептейді. «Ал егер осы құндылықтардың өзі құндылық болмай шықса не болмақ? – деп сұрайды ол өзінен. – Ал егер мұның бәрі адамдарға келешектің есебінен өмір сүргізіп жатқан қауіп, азғыру, у, есірткі болып шықса ше?» Сұрақ осы қырынан қойылған сәттен бастап, біз бір тарихи тактиканы таңдаудың алдында тұрамыз. Мораль генеалогиясы ешқашан құрылған емес. Иә, моралистер оған арналған құрылымдар, идеялар ұсынды, алайда ешқашан мораль туралы ой қайдан пайда болатынын түсіндіретін жалғыз жолды көрсеткен емес.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 17. Фридрих Ницше (1844–1900)

I. Бірінші пайым: «Ізгі» мен «зұлым», «жақсы» мен «жаман»

Бірінші пайым «Ізгілік мен зұлымдықтың арғы жағында» кітабында берілген екі мораль мәселесін қарастырады. «Жақсы» деген ұғым сапасы төмен, орташа, бұқаралық және жеккөрінішті нәрсенің бәрімен салыстырғанда өздерін «таңдаулы жан», «лайықты» мағынасында «жақсы» сезінген, құдіретті де бекзат адамдардың санасында дүниеге келді. Бұл лайықтылар күш-қуат, қақтығыс, би секілді нақты құндылықтар тілімен сөйледі. Дегенмен моральдің мұндай негіздемесі күйреді. Бұл күйреу өздерін бағындырып алған бекзат басқыншыларды жек көрген еврей халқына байланысты болды. Ол дінбасыларының қолына билік берді. Дінбасының құндылықтары бекзаттікінен өзгеше: ол соғыстан қорқады. Күресуге әлсіздігі оның бойында күшке деген жан шошырлық жабайы, рухани әрі улы жек көрушілікті туындатады, өзінің болмысын өзінен іздейді. Дінбасыларының жетегіндегі еврей халқы, бекзаттардың жақсы құндылықтарын қирата отырып, өш алып, өзі үшін кек қайтарды. Ол ақсүйектер моралінің «жақсы = бекзат = құдіретті = бақытты = құдайдың сүйген құлы» деген формуласын төңкеріп тастап, ең төменгілер мен шеттетілгендерді ғана жақсы деп жариялады.

Еврейлер былай деді: «Тек шеттетілгендер ғана жақсы; тек жарлылар, әлсіздер, езілгендер ғана жақсы; қорлық көргендер, мұқтаж жандар, аурулар мен кемтарлар – тек осылар ғана Құдайға шын сенген, Құдайдың сүйікті құлдары».

Осылай мораль ұғымы негізінде бүгінде жеңіске жеткен құлдар көтерілісі басталды. Бұл қалай болды? Құндылықтар жасампазы – еврейлердің жек көру сезімінен, Иса кейпіндегі жаңа махаббат туындады. Барша кедейлерге, ауруларға, күнәһарларға мол бақыт әкелген «құтқарушы» «иудалық идеал ұғымын, соның құндылықтарына айналма жолмен жетелеп келе жатқан кәнігі арбаушының өзі емес пе екен?» Әлем үшін бұл өте күшті арбау болды. Халық басым түсті. Бұл мәселеде қожайындардың шаруасы бітті. Қарапайым адамның моралі жеңіске жетті. Тіпті қазір Ницше жазған уақыттың өзінде, шіркеудің соншалықты мықты арбау күші болмаса да, оның уыты қоғамға бәрібір таралып жатыр: «Біз шіркеудің өзін жек көреміз де, оның уытын байқамаймыз».

Осыдан соң Ницше екі қарама-қарсы моральды сараптайды. «Бекзат мораль дегеніміз – Иә: оның негізгі ұғымы – «мейірім» – дейді ол. «Бекзат бағалау бұрмалаусыз тура сеніп, қарекет етеді, ол өзінің антитезасын тек бұдан да зор қуанышпен, ризашылықпен өзіне «иә» деу үшін ғана іздейді». Бекзат адам өз жауын танымайды. Оған өшпенділікпен қарамайды. Ол оларды ұмытып кетеді. Ол – кекшіл емес, өзін-өзі танып, анықтағанын қанағат етеді. Керісінше, құлдардың моралі ашу-ызаға байланысты құндылықтарды туындатады. «Бұл пенделерге іс-әрекетпен, адекватты жауап беруге тыйым салынған, сондықтан олардың ашу-ызасы тек қиялдағы кекпен ғана шығады». Құлдардың моралі – Жоқ: оның басты ұғымы – «зұлымдық», бекзат моральда «ізгілік» деп сипатталатын «зұлымдық». Мұндай терминологиямен әлсіздер күштілерді кінәлайды. Өйткені олар өздерін күшті сияқты ұстайды, ал күштілер қалай өздерін әлсіз сияқты ұстағанын мақтан тұтып, өздерін әлсіз сезінуін ізгі қасиетке айналдырып алады. Бүгінде ешкім адамның дамуы үшін жанын салып, алға ұмтылмайды: «Бәрінің екпіні үнемі бәсеңсіген сайын, бәсеңсіп келеді, жұқарған үстіне жұқара түсуде, жуасыған, есепті ақылға көшкен, «бетегеден биік, жусаннан аласа», қытайланған, христианданған – адамның «сүйкімді» пендеге айналатынына күмән жоқ... Еурапаның құдай атқан тағдыры осындай» (Ф. Ницше).

Ницше екі моральдің күресінің тарихын қарастырады. Ол бүкіл әлемді мыңжылдық сұмдық қақтығысқа араластырған екі қарсы құндылықтың «жақсы мен жаман» бір жағынан, «ізгілік пен зұлымдық» екінші жағынан, күресі немен аяқталатынын аңғарту үшін оның негізгі кезеңдерін оқшаулап көрсетті. Ницше бұл тарихтың үш сәтін қарастырады. Алдымен, Рим мен еврейлерді қарсы қойып салыстыру: «Римдіктер сияқты әрі қайратты, әрі бекзат ешкім бола алған емес; олардан бізге жеткен кез келген айғақ, кез келген жазу бізді тәнті етеді, соларды кім жазғанын білсе ғой деп, біз әлі күнге дейін таңдай қағамыз. Еврейлер, керісінше, ерекше кекшіл, діншіл халық болған». Кім жеңді? Иуда, өйткені бар әлем Римнің – христиандықтың орталығының алдында тізе бүгеді. Әрине, Қайта Өрлеу классикалық идеалдардың мәдениеті мен құндылықтарын биікке көтерген әдемі реакция болды.

Алайда Реформа оны тез тұншықтырып тастады. Француз революциясы кезінде аристократтық идеалдарды күйрету аяқталды: «XVII ғасырдағы Еуропа мен XVIII ғасырдағы француз



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 17. Фридрих Ницше (1844–1900)

саясатының соңғы игі жақсылары зұлымдықтың халықтық түйсігінен жеңілді. Жер бетінде ешқашан мұндай ұлы шаттық пен кемерінен асқан масаттану болған емес».

Бірақ бұл соңғы күйрей жеңілу ме еді? Идеалдардың мұндай ғаламат шарпысулары осымен біржола ұмытыла ма, әлде кейінге шегерілді ме? Тым ұзақ қоздап жатқан қоламта қашан тұтанады? Ницше осыны өзінен сұрайды. «Ізгілік пен зұлымдықтың арғы жағында» дегеніміз – «жақсы мен жаманның арғы жағында» дегенді білдірмейді деп, ол бірінші пайымды нақтылай түседі.

II. Екінші пайым: «Кінә», «бұрмаланған сана» және соған ұқсайтындар

Екінші пайым кінә идеясының пайда болуын зерделейді. Хайуандар үшін ұмыту қабілеті өте күшті қасиет, төзімділіктің белгісі саналады. Көптеген тіршілік иелерінің жүйке тыныштығын қамтамасыз ететін ұмыту қасиетін адам баласы жоғалтып үлгерген. Қайта ол, керісінше, есте сақтау қасиетін тауып алды. Соның салдарынан ұмыту көп жағдайда кейінге шегеріледі. «Әңгіме – өткен-кеткеннің әсерінен енжарлықпен құтыла алмау туралы емес, белсенді түрде арылғысы келмеу турасында да емес, бір рет қалағанын тағы да қалай беретін ерік, дәлірек айтқанда, еріктің жады турасында болып тұр».

Адам мұқият және тәртіппен жүретін болды, сақтыққа көшіп алғаны сондай, алдын ала бәрін жоспарлап қоятынды шығарды. Бұл жауапкершіліктің тарихы ұзақ: «Еркіндіктің мұндай сирек түрін білу, өзін және тағдырын билей алу, адамның бойына терең із қалдырғаны сондай, оның түйсігіне, тіпті басты түйсігіне айналды». Бұл түйсікті адам өзінің санасы санайды. Адам өзінің берген сөзінде тұрып, уәдесін орындауы үшін өз мойнына алған міндеттемесін, атап айтқанда, төленбеген қарызының бағасын басында сақтауы керек. Мұны қиналмай жасау мүмкін емес. «Түйсік дененің ауырсыну сезімінен мнемониканың қуатты қосымша құралын тапты... Адамзаттың жады неғұрлым нашар болса, оның тұрмыс-салты да сұрықсыз сипат иеленеді. Мәселен, қылмыстық заңдардың қатаңдығы бізге ұмытуды жеңіп, заңды аттап өткісі келген құлдарды, әлеуметтік өмірдің қарапайым талаптарын есте сақтауға қажет ұмытылыстың үлгісін көрсетеді», – дейді Ф. Ницше.

Ол азаматтық кінәні, атап айтқанда, дебитордың кредитормен есеп айырыса алмағандағы жағдайын зерттейді. Неміс тілінде «кінә» сөзі (Schuld) «парыз» (Schulden) сөзіне жақын. Шынында да, көпке дейін жауапкершілік ұғым ретінде болған емес. Шығын кредитордың жанына батуы тиіс деп есептелген, сондықтан ол сол үшін кек алуына болады. Дәл осы міндеттеме құқығы саласынан Ницше кінә, сана, парыз және парыздың киелі сипаты моральдық ұғымдарының шығу көзін табады.

«Біреудің қиналғанынан адам жаны соншалықты рақат табады. Шығынға ұшыраған адам өзінің қолайсыз жағдайының есесін, екінші жақтың қиналысынан туындайтын рақатпен толтыра алады: біреудің қиналуын сезіну – басқа біреу үшін нағыз мереке...» (Ф. Ницше).

Тура осылай қылмыстық кінә да, атап айтқанда, индивидуум өзінің әрекетімен қоғамдастыққа қарыздар екенін мойындамаса, оның мәні борыш пен қарыз терминдерімен ұғынылады. Қылмыскер дегеніміз – қоғамның барлық мүшелеріне берілгенді, сол қоғамға қайтармайтын адам. Қоғамның құдіреті мен санасы өскен сайын, қылмыстық құқық та жұмсара түседі. Кез келген әлсіреу мен кез келген қауіп бұл құқықтың анағұрлым қатаң формаларының пайда болуына әкеп соқтырады.

Ницше ары қарай «әділеттілік» пен «әділетсіздік» туралы заң институттарына сүйеніп қана айтуға болатынын көрсетеді. Өйткені «жалпы әділеттілік пен әділетсіздік туралы сөз қозғаудың мәнісі жоқ, себебі күнделікті тірлікте бұзып кіру, тәртіп бұзу, біреудің еңбегін қанау, қирату сияқты төтенше жағдайлар үнемі болып тұрады, онсыз өмірді елестетудің өзі мүмкін емес». Ницше әрі қарай «сананы бұрмаламай», адами кінәні сезінуге алып келетін жазалау туралы ойын дамытады. Кінә сезімінің қайдан пайда болатынын түсіну үшін, алдымен, «бұрмаланған сана» деген не екенін қарастыру керек. Бұрмаланған сана – адамның жабайы өмірге үйренген жартылай хайуан кезінде, кенеттен, тұрпайы мемлекет қоғамының темір құрсауына түсіп, жұқтырып алған ауруы. Оның қатал түйсігі өзіне қарсы тұрып, жайратып салуы мүмкін.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 17. Фридрих Ницше (1844–1900)

Бұрмаланған санамен қатар адамзат емін әлі күнге таппаған тағы бір ауыр және үрей тудыратын ауру пайда болды. Ол – «адамның адамнан, яғни өзінен зардап шегуі». Ницше бұрмаланған сананың генеалогиясын құрастырады. Әуелде бұл – тереңге қуып тасталған, мықтылардың алғашқы әлеуметтік тәртібімен бағындырылған халықтарда тұншықтырылған еркіндік түйсігі болатын. Мықтыларға төтеп бере алмаған бұл халықтар өздерін азапқа қиып, содан бір эстетика тапты. Риясыздық, өзін-өзі ұмыту, өзін құрбандыққа шалу сияқты ұғымдар қалайша идеалға айналғаны беймәлім. Шынында: «Риясыз адамның, өзін құрбандыққа қиып отырған адамның рақаты – нағыз қатыгездіктің рақаты». Екінші жағынан, «борыштың» ерекше формасын жеке қарастыру керек: қарапайым қауымдарда кездесетін тайпаның негізін қалап, нәсілді қорғаған ата-баба алдындағы борыш. Нәсіл күшейген сайын ата-бабаның да құдіреті арта түсіп, құдайға айнала бастайды. Осы борыш санасы қалай дамыды? «Христиандық Құдайдың – бұрын-соңды болып көрмеген ең керемет ғажайыптың келуі – жер бетіндегі борыш сезімін мейлінше күшейтті». Бұрмаланған санада бұл сенім – адамның Құдай алдында ешқашан өтеліп бітпейтін борышының идеясына айналды. Осыдан барып адам өзін болмысының бөлшегі сезіне бастады. Ол «күнәһарға» айналды. Сөйтіп, күнә түрінде моральдық кінә пайда болды. Қазіргі жастардың, егер күш-қайраты жетсе, үлкен міндеті – адам баласына оның бейкүнә кезін қайтару.

III. Үшінші пайым: Аскеттік идеалдар нені білдіреді?

Үшінші пайым аскеттік идеалдың мәніне арналады. Ол суреткердің, атап айтқанда, «Парсифаль» операсы арқылы өмірінің соңында дүниеден баз кешіп, аскеттік идеалдарды мадақтаған Вагнер жағдайын талдаудан басталады. Вагнерден соң Ницше өзін шабыттандырған Шопенгауэрге көшеді. Эстетикалық ләззат пен оның сексуалдықпен байланысы туралы мәселеге ұзақ жолдармен айналып келеді. Ой бөлісіп, сұхбаттасу үшін Кантты, Шопенгауэрді және Стендальді көмекке шақырады. Сөйтіп, Ницше философтың жағдайы, ойлану мүмкіндігі болуы үшін әлемнен аулаққа кетуі тиіс екенін түсінеді. Кедейлік, қорлық және жанының тазалығы – оның өмір сүру қалпы. Бірақ ол өз күшінің кемеліне жету үшін ойлануы керек пе, әлде аскетизм үшін бе? Қайткен күнде де философия мен аскеттік идеалдың арасында әйтеуір бір байланыс бар екені анық. Одан кейін Ницше аскеттік идеалдың нағыз көрінісі болатын дінбасын қарастырады. Өмірді терістеуші болса да, тақуа дінбасы – азғындап бара жатқан өмірді сақтап қалатын тұлға. «Аскеттік идеалдың көзі қорғаныс түйсігінде және азғындау жолындағы өмір салтанатының түйсігінде жасырылған», – дейді Ф. Ницше.

Сырқат адамдардың пасторы ретінде ол өз ортасын тобырға қауіпті өмірге деген ашу-ыза мен жек көру сезімінің өршуі секілді ішкі қауіптерден қорғайды. «Өздерінің кедейлігі мен әлемнің кедейлігін бақытты адамдардың санасына сіңіріп, оларды бақытты болғаны үшін ыңғайсыз сезіндіру әлсіздердің идеалы шығар. Олар күндердің күнінде бір-біріне: «Бақытты болған ұят! Айналада кедейшілік дендеп тұр!» – десе, әлсіздер өздерінің идеалына жеттік деп есептейтін болар». Ницше күштілерге мұндай сөздерді айтуды ұсынбайды. Күштілер сырқаттарды бағып-қаға алмайды, өйткені сырқаттар оларға ауру жұқтыруды ғана ойлайды. Ауру адам ғана ауруды бағып-қаға алады. Бұл дінбасы-аскеттің рөлі. «Азап шеккендердің үстемдігі – оның патшалығы». Әлсіздер, аурулар, кембағал жандар өздерінің жағдайына кінәлілерді іздейді. Сондықтан олардың әрқайсысына дінбасы келіп: «Иә, кінәлі бар, ол – сен және сенің күнәларың», – дейді. Сөйтіп, адамның кінәға бейімділігі факті емес, фактіні «түсіндіру» екенін нақтылайды. «Өзіңді күнәһар деп сезінуің сенің солай ойлауыңның дұрыс екенін дәлелдемейді» (Ф. Ницше).

Әрине, дінбасы аурудың физиологиялық сипаттағы себебімен күреспейді. Оған одан бетер жараның аузын тырнап, у тамызған әлдеқайда жақсырақ... Ал егер ол адамның азабын жеңілдетсе алса, оның діттегені – көмектесу емес, өзінің билігін нығайту. Ол үшін түрлі амалдар қолданады: кейбір діндерде ашу-ызаны ұмыттыру үшін сезімталдықты мұқалту жолы, механикалық іс-әрекеттер, яғни спорт жаттығулары, жақындарыңды сүйу, қауымдық идеал, қоғамдасқанда күштің оянуы т.с.с. Алайда Ницше үшін ең жазалауға тұрарлық нәрсе – аскеттік идеалдың көңіл күйінді түсірер әрекеттері. Күнә идеясының көмегімен дінбасы-аскет эмоциялардың астан-кестенін шығарды: адам азабының себебін өзінен іздеуі керек, тіпті ол аз



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 17. Фридрих Ницше (1844–1900)

болса өз азабын күнәсінің жазасы ретінде өмір бойы арқалап жүруі керек. «Қайда бұрылса да, күнәһардың сиқырланған көзі бір ғана жақтан – күнәсінің сұлбасынан айырылмайды».

Дінбасы тапқан осы соңғы «дәрінің» арқасында адам өзін күнәһар сезініп, кінәлі адамның тағдырына кесіп, басқа өмірге ұмтылады. Аскеттік идеалдың жеңісі де осы болмақ. «Барлық жерде ерікті түрде азапты өмірді, кінәлі сезіну азабын, үрейді, жазаны мойындамау; барлық жерде қатаң тәртіп, тікенек шекпен, арықтаған тән, өкіну; барлық жерде ауру меңдеген сананың темір құрсауына түскен күнәһарлардың өз-өзін азаптауы; барлық жерде үнсіз азап, зәре-құтты қашырған үрей, қан жылаған жүректің дірілі, көрмей кеткен қызықтың өкініші, құтқаруды сұраған жанайқай», – деп айтты Ф. Ницше.

Адам осылай «жақсырақ» бола түсті, яғни әл-дәрмені құрыды, сағы сынды, солып жүдеді, босаңсыды, әлсіреді, іске татығысыз болып қалды... Денсаулықтың түбіне жетіп, өмірдің дәмін жойған идеалға дәл қазір төтеп беретін ештеңе жоқ. Айтпақшы, оның мақсаты – әмбебап болу. Ғылым, жаңа идеология бұл идеалға қарсы тұра ала ма? Сырт көзге солай сияқты. Бірақ ғылым аскеттік идеалды жалғастырып жатыр. Оның өзі ең жаңа, ең жетілген, мінсіз формасы болмақ; ол шындыққа абсолют деп сенеді және осы сенім біздің елес әлемімізге ақиқат әлемді қарсы қойып отырған сол аскеттік идеалдың қою қалдығы іспеттес. Бұл аскеттік идеал күшті қайдан алады? Ол адамдардың тіршілігіне мән берді, ол ерікке мақсат – адам бойындағы табиғатты жек көру мақсатын белгіледі.

Дегенмен ондай ерік – ғайыптың еркі: «Сезімдерден қорқу, ақыл-ойдан қорқу, бақыт пен әсемдіктен қорқу, өз түрінен, өзгерістерден, аяғын нық басудан, өлімнен, кез келген жоспардан, тіпті тілектерден қашу – мұның бәрі ғайыптың еркі екенін, өмірді жек көру, өмірдің басты талаптарына қарсы шығу екенін түсінуге ден қояйық. Бірақ бұл бәрібір ерік болып қала бермек... және басында айтқан нәрсені қайталаймын: адам ештеңе тілемегеннен гөрі, ғайыптан тілегенді қалайды...».

Түсіндірме

«Мораль генеалогиясы» – Ницшенің кемеліне келген кездегі шығармасы. Одан оның философиясының барлық элементтерін табуға болады. Біз оларға қазір қайтып оралмаймыз. Одан да Ницшенің қалай оқылғанына тоқталып өтейік.

А. Лефевр өзінің «Гегель, Маркс, Ницше және көлеңкелер патшалығы» кітабында көрсеткендей, «кейінгі ұрпақ пен оның ықпалын ажыратқан» дұрыс. Бірінші жағдайда, оның шығармасына өзі айтқан ойшыл, ақын, қарекеттің адамының генеалогиясы енеді. Екінші жағдайда, түсінбеушіліктер қатары көбейіп, оның ықпалы мойындамау қарасын молайтады. Ницшенің ықпалы Батай, Герман Гессе, Роберт фон Музиль сынды авторлардың шығармаларында айқын сезіледі. Германия мен Австрияда Ницшені бүкілгермандық автор деп танып, оқыған. Ғасырдың соңынан бастап Штраус пен Малер Заратуштра мен Ницшеге музыкалық шығармаларын арнады. Бұл қатарда гитлершілерді де атап өту қажет. Ницшенің реакцияшыл антисемитке күйеуге тиген қарындасы Элизабет, бауыры дүниеден өткен соң оның мәтіндерін қиып, құрастырып, көп нәрсені бұрмалап үлгерді. Сөйтіп, Ницшені нацистер оқи алатындай мүмкіндік пайда болды. Бірақ бұл танымалдыққа тамаша адамдар себепкер болды. Ең қызығы, генерал Францияның әйгілі және ықпалды мемлекеттік тұлғасы Де Голль Ницшеге, оның ойларына қатысты жаңсақ түсініктері болса да, зор мән-мағына беретін. Оның түсінігінде Ницше Германия рухының айнасы тәрізді еді. Ницше мен Германия бір деп есептейтін. Германия өзінің барлық қателіктері үшін Ницшені айыптауына болады. «Мінез-құлқы мықты, ерік-жігері күшті Асқақ адам... амбициясы шегінен асқан фанатиктер үшін өздері жетуге тиіс идеалға айналды...», – дейді Де Голль.

Ғасыр басында Францияда «Ницшемен байланысты» нәрсенің бәрі анархистік және солшыл деген ұғымның синонимі болды. 1905 жылы шыққан Ницшелік бойжеткен атты еңбегінде Даниэль Лесюэр буржуазиялық ортадан шыққан бойжеткен егер біреумен ашына болғысы келіп, «өз білгенімше өмір сүремін» десе, өзін «ницшелікпін» деп атайтын, деп атап көрсетеді. Кейін доктрина мүлдем басқа, кереғар сипат ала бастады. Солшыл Жид пен оңшыл Дрие Ля Рошель – соның айқын мысалы. Сөйтіп, ницшелік ойдан шығарған жаңа аристократияны тәр-



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 3. Неміс философиясы
Дәріс: 17. Фридрих Ницше (1844–1900)

биелеудің озық үлгісіне айналды. Гитлершілдер Ницшенің философиясын өзгертіп, өздеріне икемдегісі келгенде, кейбіреулер ондай бұрмалауға батыл қарсы шықты. Мысалы, Анри Лефевр 1939 жылы «Ницшені» жариялап, ондай сипаттамадан алғашқы болып бас тартты. Әйтсе де ол өзінің кітабында индивидуум және саналы тіршілік иесі болса да, Ницше түсініксіз екенін көрсеткісі келді: «Ешбір биограф оның жеке ерекшелігі мен философиясын ұғына алмады, өйткені ол пенде емес, соған ұмтылған жан еді». Лефевр Асқақ Адам дегеніміз – өз зауалын жеңе алған, өзінің зауалды шағын мәнге айналдырған адам деп көрсетеді.

Бүгінде тарихи шындық қалпына келді. Ең көрнекті философтар оның шығармаларының мәтіндерін талдап, түсініктеме берді. Мысалы, Францияда Делез, Деррида, Фуко, Клоссовский, Жан-Франсуа Маттеи. Ницшенің толық өмірбаянын жариялаған К.П. Янстың арқасында оның өмірі бізге түсініктірек бола түседі. Сөз соңында айтарымыз, өз уақытының қозғалысына қарсы тұрып, сол қарекетімен уақыт қарқынын арттыруға ұмтылу ойшылдан жүрек жұтқан тәуекелді талап етеді. Тарих тағлымы бізге алғыстан дәмеленбеу керектігін меңзейді. Өз заманынан оза туған Ницшенің өміршеңдігін осымен ғана түсіндіруге болады. Конформизмді мазалағанды, тыным таппай ізденуді жаны қалайтындарға Ницшенің шығармалары жігер береді.